

**АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**



**ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ КЕЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫНЫ ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ**
педагогқа арналған ақпараттық анықтамалық

**АСТАНА
2023**

1. ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – Қазақстан республикасында қолданылатын мектеп бітірушілердің білімін сынау жүйесі. Білім беру жүйесіне алғаш рет 2004 жылы енгізілген.

Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай ысылеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 ақпандағы №230 бұйрығымен рәсімделген.

Ұлттық бірыңғай тестілеу:

1) қалауы бойынша ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына;

2) қалауы бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін немесе республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне;

3) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

4) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін жоғары білімнің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

5) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға;

6) ЖОО-ға ақылы негізде қабылдау үшін жоғары оқу орнының бірінші академиялық кезеңі аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданған адамдарға;

7) ЖОО-ға ақылы негізде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға өткізіледі;

2. Түсушілер ҰБТ-ны қалауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде тапсырады.

Бұл ретте ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыратын түсушілер үшін Қазақстан тарихы бойынша тестілеу қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде өткізіледі. ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыратын түсушілер үшін ЖОО-дағы оқыту тілі Қазақстан тарихы бойынша тестілеу тапсыру тіліне сәйкес анықталады делінген.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) жоғары оқу орнына түсу емтиханы және мемлекеттік гранттарды бөлу жүйесі ретінде қалады.

ҰБТ форматы бойынша 120 сұрақ (15+15+20+35+35=120 тапсырма) 5 пән бойынша, оның 3-і міндетті және талапкердің жоғары оқу орнына тапсыратын мамандығына байланысты 2-і бейіні бойынша қарастырылған. Барлық сұрақтар ескеріледі (1-кесте). Осылайша, Қазақстан тарихы бойынша – 20, оқу сауаттылығы бойынша – 15, математикалық сауаттылық бойынша – 15 және екі бейінді пән бойынша 35 тапсырма беріледі.

1-кесте. Тестілеу пәндері

		Тапсырма саны	Тапсырма формасы	Бағалау объекті
1- блок	Математикалық сауаттылық	15	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	Функционалды сауаттылық, логика, сандық салыстыруға тапсырмалар
	Оқу сауаттылығы	15	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	Оқу, мәтінді түсіну, мәтін мазмұнына рефлексия, талдау жасай білу, салыстыру және т.б.
	Қазақстан тарихы	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	Пәнді білу
Бейіндік пәндер (әрбір мамандық бойынша екі пән)				
2 - блок	1 бейінді пән	25	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	Пәнді терең білу (меңгерудің ілгері деңгейі), кең ауқымды дағдылану
		10	Бір немесе бірнеше дұрыс жауап	Пәнді терең білу (меңгерудің ілгері деңгейі), кең ауқымды дағдылану
	2 бейінді пән	25	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	Пәнді терең білу (меңгерудің ілгері деңгейі), кең ауқымды дағдылану
		10	Бір немесе бірнеше дұрыс жауап	Пәнді терең білу (меңгерудің ілгері деңгейі), кең ауқымды дағдылану

Тестілеу уақыты 4 сағат (240 минут) құрайды. Жоғары балл 140. Жоғарғы оқу орнына түсі үшін шекті деңгей балы:

Ұлттық ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 65 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы, «Құқық» даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл. «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша – кемінде 60 балл.

Басқа ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл. Сонымен қатар, әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламалары тобы бойынша өз шекті балын белгілейді.

Бейінді пәндер таңдайтын білім беру бағдарламалары тобына байланысты таңдалады (2-кесте).

2-кесте. Бейінді пәндер комбинациясы

№	Бейінді пәндер комбинациясы	
	1-бейінді пән	2-бейінді пән
1	Математика	Физика
2	Математика	Информатика
3	Математика	География
4	Биология	Химия
5	Биология	География
6	Шетел тілі	Дүниежүзі тарихы
7	География	Шетел тілі
8	Дүниежүзі тарихы	Құқық негіздері
9	Дүниежүзі тарихы	География
10	Қазақ тілі/орыс тілі	Қазақ әдебиеті/орыс әдебиеті
11	Химия	Физика
12	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан

2023 жылы жалпы тестілеу форматына ешқандай өзгерістер енгізілген жоқ. Пәндер саны да өзгеріссіз. Алайда «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша тест тапсырмаларының санына өзгерістер енгізілді. Енді «Қазақстан тарихының» бір нұсқасында 20 тест тапсырмасы болады: бір дұрыс жауапты таңдаумен 10 тапсырма және контекст негізінде 10 тапсырма. Сондай-ақ бұрын талапкерлер «оқу сауаттылығы» бойынша 20 сұраққа жауап берсе, енді 3 мәтін бойынша 15 тест тапсырмасы беріледі.

Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минут уақыт сақталады.

Айта кетсек, 2022-2023 оқу жылынан бастап ҰБТ бейіндік пәндер комбинацияларының тізбесіне «Информатика» пәні енгізілді. Осыған байланысты «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсырады.

2023 жылы шекті балдар өзгеріссіз қалады. Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында «1 компьютер – 2 камера – 1 тестіленуші» қағидасы қатаң сақталады. Компьютерлік экрандарда тестілеудің өзінде калькулятор, периодтық кесте және тұздардың ерігіштігі қолжетімді

ҰБТ қорытындысы колледждер мен жоғары оқу орындарына қабылдау емтиханы ретінде есептеледі. Жоғарғы оқу орындарына грантка және ақылы бөлімге түсу мүмкіншілігі оның ҰБТ-да алған баллдар жиынтығына байланысты болады. Сонымен қатар ҰБТ-ның баллдары тағы «Болашақ» атты президенттік шәкіртақы алуға мүмкіндік береді. ҰБТ мектеп бітірушілер үшін маңызды психологиялық сынаудың бірі болып табылады.

2. ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ҰБТ бойынша нәтиже білім беру саласындағы маңызды көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады. Білім басқармасының тапсырысы бойынша алдымызға қала мектептері түлектерінің ҰБТ нәтижесін талдау туралы міндет қойылды.


2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп бітірушілерінің ҰБТ нәтижелері алынды. Аталған оқу жылы бойынша қала мектептерінен барлығы 41 білім беру ұйымы жетістіктері талданды (1-кесте).

№	Орта білім беру ұйымдары
1	«№1 мектеп лицей» КММ
2	«№3 мектеп-гимназия» КММ
3	«Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» КММ
4	«№5 гимназия» КММ
5	«№6 гимназия» КММ
6	«№9 «Зерде» мамандандырылған мектебі» КММ
7	«Жұмабек Тәшенов атындағы № 10 мектеп-гимназия» КММ
8	ШЖҚ «№ 15 мектеп-лицей» МКК
9	ШЖҚ «Акан Курманов атындағы №17 мектеп-гимназия» МКК
10	«№25 орта мектеп» КММ
11	«№26 мектеп-гимназия» КММ
12	«№34 орта мектеп» КММ
13	«№35 мектеп-лицей» КММ
14	«№38 мектеп-лицей» КММ
15	«Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей» КММ
16	«№41 орта мектеп» КММ
17	«№42 орта мектеп» КММ
18	«№44 орта мектеп» КММ
19	«№45 орта мектеп» КММ
20	«№46 «Балабақша-мектеп-гимназия» кешені» КММ
21	«№47 «Балабақша-мектеп-гимназия» кешені» КММ
22	«Ахмет Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицей» КММ
23	«Райымбек батыр атындағы «Қазғарыш» №50 мектеп-лицей» КММ
24	«№51 мектеп-гимназия» КММ
25	КГУ «Школа-гимназия № 52 имени Беймбета Майлина»
26	ШЖҚ «№ 54 мектеп-лицей» МКК
27	ШЖҚ «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» МКК
28	ШЖҚ «І. Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия» МКК
29	«№61 орта мектеп» КММ
30	«№63 мектеп-гимназия» КММ

31	ШЖҚ «№ 71 мектеп-лицей» МКК
32	ШЖҚ «№ 72 мектеп-лицей» МКК
33	ШЖҚ «№ 73 мектеп-лицей» МКК
34	ШЖҚ «№ 74 мектеп-гимназия» МКК
35	ШЖҚ «№ 75 мектеп-гимназия» МКК
36	ШЖҚ «Әлихан Бөкейхан атындағы № 76 мектеп-лицей» МКК
37	«Мамандандырылған №81 «Astana English School» гимназиясы» КММ
38	«Мамандандырылған № 82 «Дарын» гимназиясы» КММ
39	ШЖҚ «№ 83 мектеп-гимназия» МКК
40	ШЖҚ «№91 мектеп-гимназия»МКК
41	ШЖҚ «№92 мектеп-лицей» МКК

Осы білім беру ұйымдары бойынша жалпы аталған маңызды психологиялық сынаудан барлығы қала мектептерінен 2987 білім алушы өткен (1-сурет). Оның ішінде қазақ тілінде 1957, орыс тілінде 1028, ағылшын тілінде 2 түлек өткен. Елімізде 2017 жылдан бастап ҰБТ-ны ағылшын тілінде өтуге рұқсат берілген. Мектеп түлектері оқыту тіліне қарамастан сынауды ағылшын тілінде тапсыруға 2 бала ниет білдірген.

1-сурет. ҰБТ-ға қатысқан қала мектептері түлектерінің жалпы саны



Оқыту тіліне қарамастан 5 пәннен барлығы 140 балл жинау қажет. Алынған ҰБТ нәтижесін 0 балл, 1-49 балл, 50-69 балл, 70-99 балл, 100-129 балл, 130-139 балл және 140 балл позицияларында қарастырдық.

41 білім беру ұйымдарының ішінде қазақ тілінде тапсырған бір түлектің және орыс тілінде тапсырған 1 түлектің баллдары жарамсыз деп табылып жойылған, нәтижесінде №61 орта мектебі бойынша 105 баланың ішінен 2 баланың нәтижесі 0 балл деген нәтиже көрсеткен.

1-49 балл аралығында барлығы 426 түлек алған. Оның ішінде 73% қазақ тілінде, ал 27% орыс тілінде тапсырған. Алынған талдау нәтижесі жалпы білім алушылардың 14,3% шекті деңгейге жетпегендігін көрсетті.

50-69 балл аралығында барлығы 976 түлек нәтиже көрсеткен. Оның ішінде қазақ тілінде тапсырған түлектер саны 62,8%, ал орыс тілінде тапсырған түлек саны 37,1% құраған. Тек бір түлек қана ағылшын тілінде нәтиже көрсеткен, оның пайыздық үлесі 0,1% көрсетті. Яғни, 32,7% түлектің жоғарғы оқу орынына тапсыруға және мемлекеттік грант иегері болу үшін конкурсқа қатысуға мүмкіндік алғандығын көруге болады.


70-99 балл аралығында 1147 түлек алған. Оның ішінде қазақ тілінде тапсырған түлектер саны 62,9%, орыс тілінде тапсырған түлектер саны 37%, ал, ағылшын тілінде тек бір түлек қана тапсырған, пайыздық үлесі 0,1% құрайды.

100-129 балл аралығында барлығы 420 түлек көрсеткен. Қазақ сыныптары бойынша 72,9% түлек, орыс сыныптары бойынша 27,1% түлек тапсырған.

130-139 балл аралығында барлығы 13 түлек көрсеткен. Қазақ сыныптары бойынша 23% түлек, орыс сыныптары бойынша 77% түлек тапсырған.

Ең жоғарғы шекті 140 балл болатын нәтижені талдауға алынған мәліметтер бойынша ешқандай білім беру ұйымы көрсете алмады.

2-сурет. Жалпы орта білім беретін қала мектептері түлектерінің ҰБТ нәтижесі (41 мектеп бойынша)



2-сурет

Жалпы түлектер арасында ең көп жиналған балл мөлшері 70-99 аралығында болған. Осы аралықта нәтиже көрсеткен түлектер саны 1147 баланы құрады, яғни пайыздық мөлшері 38,4%.

Сондай ақ диаграммадан 0,1% түлектің 0 балл алғандығын көруге болады. Екінші жақсы көрсеткіш 50-69 балл аралығындағы нәтиже болып табылады. Түлектердің 32,7% шекті деңгейді жинаған. Ал 14,3% түлек жоғарғы оқу орынына түсуге мүмкіндік ала алмаған, себебі ҰБТ нәтижесі 1-49 балл аралығында (2-сурет).

1-49 балл аралығында алған түлектерге шығармашылық емтихан тапсырып, жоғарғы оқу орынына түсуге мүмкіндік бар. Аталған мүмкіндікті талдауға қатысқан мектеп түлектері арасында қазақ сыныптарынан *6 түлек* қолданған.

Жалпы 41 мектеп ҰБТ нәтижесін ұсынды мектептер нәтижесі бойынша келесідей **қорытынды** жасауға болады:

- Аталған мектептер бойынша барлығы 2985 түлек, оның ішінде 65,5% қазақ тілінде, 34,4% орыс тілінде, 0,1% ағылшын тілінде тапсырған.
- Ең жақсы көрсеткіш *70-99 балл* аралығында анықталды. Бұл көрсеткіш бойынша мектеп түлектерінің 38,4% көрсеткен. Одан кейінгі жақсы көрсеткіш *50-69 балл* аралығында 32,7% құраған.
- Ең жоғарғы көрсеткіш *130-139 балл* аралығында 0,4% түлек алған.
- Талдауға қатысқан білім беру ұйымдары жоғарғы шекті көрсеткіш **140 балл деген нәтижені көрсете алмаған.**

Сондай-ақ талдау оқу пәндері кескінінде де жүргізілді. Жалпы талдауға 41 білім беру ұйымы нәтижелерін ұсынғанымен, пән бойынша көрсеткіш нәтижесі аталған білім беру ұйымдарының барлығында бірдей қамтылмады. Дегенмен де алынған ақпараттар негізінде түлектердің білім жетістіктері жоғары деңгейде емес екенін байқауға болады.

«Қазақ тілі» оқу пәні бойынша 15 білім беру ұйымы ҰБТ нәтижесі қаралды. Пән бойынша орташа көрсеткіш 35 балдан 18,2 балды құраған. Жоғары нәтиже 31,5 балл №5 гимназиясы, 30 балл №17 мектеп-гимназиясы, 25 балл №52 мектеп-гимназиясы көрсеткен. Ең төменгі нәтиже 10 балл № 56 мектеп-лицейі көрсеткен. Жалпы мектеп-лицей және орта мектеп түлектері 14,5-17,4 аралықта нәтиже көрсеткен.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні (12 білім беру ұйымы) бойынша орташа балл 35-тен 16,7 көрсеткен. Ең жоғары нәтиже 29 балл №17 мектеп-гимназиясы, 28,5 балл №50 мектеп-лицейі, 25 балл №52 мектеп-гимназиясы көрсеткен. Ең төменгі нәтиже 9 балл №56 мектеп-лицейі көрсеткен.

«Орыс тілі» оқу пәні (10 білім беру ұйымы) бойынша орташа көрсеткіш 17,8 балл болған. Пән бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 34 балл №6 гимназия көрсетті. Сондай-ақ 28 және 26 деген көрсеткіштерді де атап өтуге болады. 28 балл №№17,75 мектеп-гимназиялары, ал 26 балл №47 мектеп-гимназия балабақшасы көрсетті. Ең төменгі көрсеткіш 14,3 балл №44 орта мектепте анықталды.


«Орыс әдебиеті» оқу пәні (12 білім беру ұйымы) бойынша орташа көрсеткіш 16,1 балл. Аталған пәннен жоғарғы шекті 33 балды №17 мектеп-гимназиясы көрсеткен. Ең төменгі балл №61 мектеп-гимназиясында 12,5 болған.

«Ағылшын тілі» оқу пәні (32 білім беру ұйымы) бойынша орташа көрсеткіш 23,8 балды құраған. Ең жоғары көрсеткішті 35 балл №54 мектеп-лицейі, 34,5 балл №9 Зерде мектепбі, 31,5 балл №6 гимназия, 31 балл №17 мектеп-гимназиясы, 30,5 балл №26 мектеп-гимназиясы көрсеткен. Жалпы пән бойынша білім беру ұйымдарының көрсеткіштері салыстырмалы түрде жаман емес. Бірақ өте төмен нәтиже көрсеткен мектептерді атап өтуге болады: №34 орта мектебі 10 балл, №45 орта мектебі 9,5 балл.

Жалпы тіл және әдебиет оқу саласы бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері гимназия білім беру ұйымдарында бағыттарына сәйкес жоғары

көрсеткіш берген. Орта мектеп пен лицейлерде төмен нәтижелер көрсеткен. Десе де төмен нәтиже көрсеткен гимназиялардың бар екенін ескерген жөн.

3-сурет. Тіл және әдебиет білім саласы бойынша орташа көрсеткіш



3-суреттен ең жоғарғы шекті балл 23,8 ағылшын тілі пәні бойынша екенін көруге болады, яғни максималды балдың тек 68% алған.

Қазақ тілі 18,7 балл, яғни максималды балдың 53,4%, қазақ әдебиеті 16,7 балл, жоғарғы шекті балдың 47,7%, орыс тілі пәні бойынша 17,8 балл, жоғарғы шекті балдың 51%, орыс әдебиеті пәні бойынша 16,1 балл, максималды балдың 46% алған (3-сурет).

«Қазақстан тарихы» міндетті пәндердің бірі болып табылады. Аталған пән бойынша максималды балл 20 болуы керек. Талдауға алынған білім беру ұйымдары бойынша орташа көрсеткіш 10,6 балды құраған, яғни 53%. Талдауға алынған 33 білім беру ұйымдарының қатарында аталған пән бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 20 балл №17 мектеп-гимназиясы мен №51 мектеп-лицейі көрсеткен. Ең төменгі көрсеткіш 7,5 балл және 7,3 балл болған, сәйкесінше №92 мектеп лицейі мен №61 мектеп-лицейі көрсеткен.


«Дүниежүзі тарихы» таңдау пәндерінің бірі болып табылады, максималды балл 35. Аталған оқу пәні бойынша нәтижелерін 31 мектеп ұсынған. Орташа көрсеткіш 20 балл. Пән бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 31 балды №17 мектеп-гимназиясы, 26,6 балды көрсеткен. Ал ең төменгі көрсеткіш 11 балл №40 мектеп-лицейде, 12 балл №34 орта мектепте анықталды.

«Құқық негіздері» пәні де таңдау пәндерінің бірі, сол себепті максималды балл 30 болып табылады. Аталған пән бойынша 29 білім беру ұйымы нәтижелері бойынша орташа көрсеткіш 18,3 балды құраған. Ең жоғарғы көрсеткіш 35 балды №54 мектеп-лицейі, 29,3 балды №91 мектеп-гимназиясы, 28 балл №9 Зерде мектебі мен №50 мектеп-лицейі көрсеткен.

Ең төменгі көрсеткіш 11 балды №92 мектеп-лицейі, 13 балды №74 мектеп-гимназиясы, 14 балды №№45, 25 орта мектептері көрсеткен.

Жалпы адам және қоғам білім салаларының пәндері бойынша көрініс жаман емес, десе де өте төмен нәтиже көрсеткен мектеп қатарлары бар. Жақсы нәтиже гимназиялар қатарына басымдылық береді, десе де «Құқық негіздері» пәні бойынша ең жоғарғы көрсеткішті мектеп-лицей көрсеткен.

4-сурет. Адам және қоғам білім саласы бойынша орташа көрсеткіш



«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 35 балдың 57,1%, «Құқық негіздері» пәні бойынша 52,3% алған. «Қазақстан тарихы» пәнінен 20 балдың 53% алған (4-сурет).

Жаратылыстану білім саласы бойынша таңдау пәндері химия, биология, география және физика пәндерінің нәтижелері қарастырылды.

«Физика» оқу пәнінен 31 білім беру ұйымының нәтижесі бойынша орташа көрсеткіш 18,2 балды құраған. Оқу пәні бойынша ең төменгі балл №45 (10,3 балл) және № 25 (10,6 балл) орта мектептерінде анықталды, ең жоғарғы көрсеткішті №9 Зерде мамандандырылған мектебі (28 балл), №17 мектеп-гимназиясы (29 балл) және №54 мектеп-лицейі (31 балл) көрсетті.

«Биология» оқу пәнінен 30 білім беру ұйымының нәтижесі бойынша орташа көрсеткіш 20 баллды құраған. Ең жоғары 28 балл №24 мектеп-лицейі, 25 балл №№38, 40 мектеп-лицейлері, 25,5 балл №91 мектеп-гимназиясы көрсеткен. Сонымен қатар аталған оқу пәні бойынша төменгі балл көрсеткен білім беру ұйымдарының қатары анықталды. Ең төменгі көрсеткіш 10,8 балл №45 орта мектебінде, 13,4 балл №44 орта мектебінде және 15 балл №34 орта мектебінде белгілі болды.

«Химия» оқу пәнінен 30 білім беру ұйымының нәтижесі қаралды. Осы білім беру ұйымдарының нәтижесі бойынша орташа көрсеткіш 16,7 баллды құраған. Ең

жоғарғы балл 28 балл №82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, 26 балл №54 мектеп-лицейі және 26 балл № 17 мектеп-гимназиясында анықталды.

Төменгі көрсеткіш 9 балл № 45 орта мектебінде, 10 балл № 34 орта мектебінде және 10,6 балл №44 орта мектебінде белгілі болды.

«География» оқу пәнінен 32 білім беру ұйымының нәтижесі бойынша орташа көрсеткіш 19,9 балл анықталды. Ең жоғары көрсеткіш 32 балл №17 мектеп-гимназиясында, 29,3 балл №82 Дарын мамандандырылған лицейінде, 26 балл №26 мектеп-гимназиясында анықталды. Төменгі көрсеткіштерді 13 балл мөлшерінде №40 мектеп-лицейінде, 13,7 балл №44 орта мектептен және 10 балл №45 орта мектептен белгілі болды.

Оқу пәндері нәтижелерін талдай келе төмендегідей **қорытынды** жасауға болады:

Жалпы таңдау оқу пәндері бойынша көрсеткіш білім беру ұйымының типіне тәуелді емес екендігі белгілі болды. Яғни жаратылыстану-математикалық бағыттағы таңдау пәндері бойынша жоғары көрсеткішті мектеп-гимназияларынан да (№17 ШГ, №6 Г) көруге болады. Сондай-ақ аталған оқу пәндері бойынша мектеп-лицейлерден (№№76, 72 МЛ) төмен көрсеткіш байқауға болады.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша жоғары көрсеткіш мектеп-лицей қатарынан да (№54 МЛ) байқалады, ал керісінше мектеп-гимназияларда төмен нәтижені (№40 МГ) көруге болады.

№№44,45 орта мектептер нәтижелері бойынша жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер нәтижелері төмен екендігін көруге болады.

Жеке пәндер бойынша 34 білім беру ұйымының нәтижесі талданды. Талдау нәтижесі бойынша орташа көрсеткіш төмендегідей көрініс тапты:

- Қазақстан тарихы 10,6 балл
- Дүниежүзі тарихы 20,3 балл
- Құқық негіздері 18,3 балл
- Алгебра және анализ бастамалары 20 балл
- Физика 18,2 балл
- Химия 16,7 балл
- Биология 20 балл
- География 19,9 балл
- Информатика 20,8 балл
- Математикалық сауаттылық 13,6 балл
- Оқу сауаттылығы 13 балл

3. ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Емтиханға дайындық

Алдымен сабаққа орын дайындаңыз: үстелден артық заттарды алып тастаңыз, қажетті оқулықтарды, оқулықтарды, дәптерлерді, қағаздарды, қарындаштарды ыңғайлы орналастырыңыз.

Бөлменің интерьеріне сары және күлгін түстерді енгізуге болады, өйткені олар интеллектуалды белсенділікті арттырады.

Сабақ жоспарын жасаңыз. Дайындықтың әр күніне жоспар құра отырып, бүгін не зерттелетінін нақты анықтау қажет. Жалпы емес: «мен аздап айналысамын», қандай бөлімдер мен тақырыптар бірінші деген қағидатты қолдану қажет.

Ең қиынынан және ең нашар білетін бөлімнен бастаңыз. Егер сізге аталған жағдайдан бастап кету қиын болса, сіз өзіңізге ең қызықты және жағымды материалдан бастай аласыз.

Сабақтар мен демалыстарды ауыстырып отырыңыз, айталық, 40 минут сабақ, содан кейін 10 минут-үзіліс.

Бүкіл оқулықты оқып, жаттауға тырысудың қажеті жоқ.

Меңгерілетін материалды жоспарлар, схемаларға және қағазға салу арқылы құрылымдау пайдалы болып табылады. Жоспарлар пайдалы, өйткені оларды материалды қысқаша қайталау кезінде пайдалану оңай.

Осы тақырып бойынша мүмкіндігінше әртүрлі жарияланған сынақтарды орындаңыз. Бұл жаттығулар сізді тест тапсырмаларының құрылымымен таныстырады.

Қолыңызға секундомер тағып жаттығыңыз, тест тапсырмаларының орындалу уақытын анықтаңыз.

Емтиханға дайындалу кезінде ешқашан тапсырманы орындай алмаймын деп ойламаңыз, керісінше, өзіңізге Жеңістің суретін салыңыз.

Емтихан алдында бір күн қалдырыңыз, барлық жауап жоспарларын қайталаңыз, ең қиын сұрақтарға тағы бір рет тоқталып өтіңіз.

Стресстік-тұрақсыз жағдайда бітірушілерге психологиялық көмек көрсету мақсатында психолог кезекшілігі ұйымдастырылады;

Кезекшілікке «Әдістемелік орталық» МКҚК психологиялық сүйемелдеу бөлімінің әдіскерлерінен нұсқау алған тәжірибелі педагог-психологтар қамтылады;

Кезекшілік кезінде психологтар түлектерге психологиялық көмек көрсетеді.

Баланы қолдау бойынша ұсыныстар береді, сонымен қатар психоэмоционалды жағдайды одан әрі сүйемелдеу және бақылау бойынша түлектер оқитын мектеп психологтарына балалар туралы ақпаратты кұпия түрде хабарлайды;

Бөлім әдіскерлері ата-аналар мен оқушыларға «ҰБТ-ға дайындық кезінде отбасын психологиялық қолдау», «ҰБТ-ға дайындықтың психологиялық ерекшеліктері» тақырыптарында психологтың түлектерге арналған кеңестерін әзірлейді.

Мектептегі психологиялық қызметтердің жылдық жоспарларына сәйкес педагог-психологтар 11 сынып оқушыларымен, ата-аналармен және педагогтармен профилактикалық-ағартушылық және консультациялық жұмыстар жүргізеді,

«Амалтея» диагностикалық кешенінің «жағымсыз жағдайларды жеңу тәсілдері» әдістемесін пайдалана отырып, жоғары сынып оқушыларының стреске төзімділігін диагностикалау жүргізіледі.

Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жоғары сынып оқушыларына арналған өзіне деген сенімділік сезімін қалыптастыруға, алдын алу жолдарын іздеуге ынталандыруға, «ҰБТ деген не және оның Мен үшін маңызы қандай?»; «Емтихан кезінде стрессті қалай жеңеміз?»; «Стресспен күресу әдістері»; «Емтиханға деген сенімділік»; «Бәрі сенің қолыңда!» тақырыптарында тренингтер өткізеді.

ҰБТ-ға және мемлекеттік емтихандарға дайындық кезінде эмоционалдық күйзелістің алдын алу мақсатында 11 сынып оқушыларына Бітіру емтихандары: қалай дайындалу керек»; «Емтиханға психологиялық дайындық»; «ҰБТ-ға психологиялық дайындық»; «ҰБТ-ға дайындық кезінде жасөспірімдердің ата-аналарын қолдау» тақырыптарында дәрістер өткізіледі.